

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ бойынша**

№ 369 БҰЙРЫҚ

Бадамша ауылы

02.09.2024 жыл

**Қарғалы ауданының жалпы білім беретін
мекемелердегі тегін тамақтануды
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 598 бұйрығын және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 230 қалаулысының жүзеге асыру барысында.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша барлық білім беру ұйымдары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қажет.
2. 5-11 класс СУСН оқушылары және 1-4 класс оқушылары толық қамтамасыз етілсін және тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың құжаттары мемлекеттік қызмет көрсету құжаттарына сәйкес жинақталсын.
3. Барлық білім беру ұйымдарында бракераждық комиссия жұмыс жүйелі жүргізіліп және асханадағы жұмыстар қатаң бақылауға алынсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау аудандық білім бөлімінің әдіскері К.Сармановаға жүктеледі.

Бөлім басшысы



Ж.Дуйсенова